



Парниктік газдар шығарындылары

GRI 305-1 2024 жылы Қор тобының көміртегі ізі (парниктік газдардың тікелей және жанама
GRI 305-2 шығарындылары) 57,8 млн тонна CO₂-экв. құрады. 2023 жылмен салыстырғанда парниктік газдардың жалпы шығарындылары 3%-ға азайды (2023 жылы – 59,8 млн тонна CO₂-экв.).

Портфельдік компаниялар мынадай парниктік газдардың: көміртек диоксиді, метан және азот оксидінің тікелей (1-қамту) және жанама (2-қамту) шығарындыларының есебін жүргізеді. 1-қамтудағы парниктік газдар шығарындылары 2024 жылы 48,4 млн тонна CO₂-экв. құрады. (2023 жылға қарай 3%-ға төмендеу). Жанама парниктік газдар шығарындылары (2-қамту) 9,5 млн тонна CO₂ құрады (2023 жылмен салыстырғанда 5%-ға төмендеу).

Қор Тобының көміртегі ізінің динамикасы, млн тонна CO₂-экв.

Көміртек ізі	2021	2022	2023	2024
Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының жалпы көлемі (1-қамту)	61,60	50,60	49,81	48,38
Парниктік газдардың жанама шығарындыларының жалпы көлемі (2-қамту)	10,70	10,10	10,01	9,46
Барлығы	72,30	60,70	59,82	57,84

Кестеге ескертпе: Метан мен азот оксиді үшін жаһандық жылыну потенциалының коэффициенттерін қолдана отырып, көмірқышқыл газының баламалы тоннасында есепке алу жүргізіледі. Парниктік газдар шығарындыларын есептеу «Парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі жекелеген әдістемелерді бекіту туралы» 2010 жылғы 05 қарашадағы №280-т Бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы №9 бұйрығына, «Парниктік газдарды түгендеуді мониторингілеу және бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №221 Бұйрығына, «Парниктік газдарды түгендеу туралы есептердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі №502 Бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №371 Бұйрығына, «КӨҮСТ парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттарына» сәйкес жүргізіледі

Қордың көміртегі ізі, миллион тонна CO₂-экв.

GRI 305-1
GRI 305-2




Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының ең көп саны энергетика секторына тиесілі – 2024 жылы жылу және электр энергиясын өндіру кезінде атмосфераға шамамен 32 млн тонна CO₂-экв түсті (1-қамтудың жалпы шығарындыларының 65%). Бұл энергия өндіруде қазба отындарын пайдалануға байланысты. 2024 жылы мұнай-газ секторының парниктік газдарының тікелей шығарындылары 13,00 тонна CO₂-экв құрады (1-қамтудың 26%).

Жанама парниктік газдар шығарындыларының ішінде CO₂ шығарындыларының көпшілігі сатып алынған электр энергиясынан келеді (92%). Мұнда эмиссиялар мұнай-газға - 3,47 млн тонна CO₂-экв. (36%), теміржол (27%) және электр энергиясын беру бағытына 2-қамту шығарындылары шамамен 25% құраған энергетика секторларына бөлінді.

Қордың бірқатар портфельдік компаниялары жеткізілім тізбегіне және өндірілген өнімнің өмірлік цикліне байланысты 3-қамтудың жанама шығарындыларының есебін жүргізеді. Атап айтқанда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ технологиялық процестерде пайдаланылатын сатып алынатын шикізаттан (күкірт қышқылы, аммиак селитрасы, аммиак суы және т.б.) шығарындыларды талдайды, сатылған өнімді тасымалдаудан, жеткізуден және пайдаланудан, қызметкерлерді тасымалдаудан және іссапардан («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) шығарындыларға талдау жүргізіледі.

**Тікелей парниктік газдар
шығарындыларының жалпы көлемі
(1-Қамту), сектор бойынша,
млн т CO₂-экв.**


GRI 305-1



- Жылу және электр энергиясын өндіру секторы
- Мұнай-газ секторы

**Жанама парниктік газдар
шығарындыларының жалпы көлемі
(2-Қамту), сектор бойынша, млн т
CO₂-экв.**

GRI 305-2



- Көлік-логистика секторы
- Басқа

